


№6 Хромтау гимназиясының 10.01 – 10.02. 18ж аралығында өткізілген «Қамқорлық» республикалық акциясы туралы есеп

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің бастамасымен жыл сайын 10 қаңтар мен 10 ақпан аралығында «Қамқорлық» дәстүрлі республикалық акциясы өткізілді.

Акцияның мақсаты: Күнкөрісі төмен, көпбалалы және тұрмысы қолайсыз отбасылардан шыққан балаларға, жетім балалар мен ата - анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға және Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған балалардың өзге де санаттарына әлеуметтік көмек пен қолдау көрсету. Әлеуметтік себептер бойынша (киімінің, аяқ киімінің, мектептік керек - жарақтарының) сабақтарға балалардың келмеуінің алдын алу.

№6 Хромтау гимназиясында «Қамқорлық» республикалық акциясы аясында аз қамтылған, көпбалалы және жетім балалар мен ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға әлеуметтік көмек пен қолдау көрсету мақсатында жоспар құрылып, хабарландыру жұмыстары жүргізілді. Жоспар бойынша гимназияда әлеуметтік көмекке және қолдауға мұқтаж балалар мен отбасы туралы мәліметтер жинақтау, себепсіз мектепке келмей жүрген мектеп жасындағы балаларды анықтау мақсатында рейдтер жүргізілді. Нәтижесінде бұл санаттағы балалардың жоқтығы анықталды.



Білім алушылар арасында балаларға рухани – адамгершілік білім беру, оларды қайырымдылыққа, қамқорлыққа, мейірімділікке тәрбиелеу мақсатында сыныптан тыс шаралар ұйымдастырылды. 9а - сыныбы «Адамгершілік – асыл қасиет», 9 ә – сыныбы «Иманды ұл, инабатты қыз -өмір көркі», 3 ә –сыныбы «Жаным толған жақсылық», «Мейірімділік», 3б – сыныбы «Қасиет пен құрмет» т.б. тақырыптарында іс – шаралар өткізді.





Акция барысында жеке кәсіпкерлер Аманжолова Г., Аманжолова З., Джамбаева Г., Нұрғалиева Б., Башимова Ж аз қамтылған білім алушыларға қысқы және көктемгі киімдер тарту етіп, демеушілік танытты. Акция шеңберінде гимназиямызда қайырымдылық жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Жәрмеңкеге гимназияның мұғалімдері, білім алушылары, ата – аналары белсенділікпен қатысып, жиналған қаражаттан 50000тг қаржы бір білім алушының «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» есеп шотына салынды. Қайырымдық шаралар «Жүректен - жүрекке» акциясымен жалғасты. «Отбасы үлгісіндегі балалар» үйінің тәрбиеленушілеріне арналған мерекелік дастарқан және концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Шара барысында гимназия психологы Раимкулова Г.Ж. «Тілек күші» тақырыбында арттерапия жаттығуын, «Тасбақа», «Кім жылдам» ойындарын ойнатып, көтеріңкі көңіл – күй сыйлады. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жасағанбергенова Б.И. балаларды спорт залына, кітапханаға саяхат жасатты. Сонымен қатар балаларға спорттық бұйымдар (футбол добы, дартс, теннис бұйымдары), оқу құралдары сыйға тартылды.



Жалпы акция барысында аз қамтылған және әлеуметтік қолдауды қажет ететін білім алушыларға **285000** тг көлемінде киімдер мен қаржылай көмек көрсетілді. Гимназияның аз қамтылған және әлеуметтік қолдауды қажет ететін білім алушыларына материалдық және қаржылай көмек көрсеткен демеушілерге, мұғалімдерге, ата - аналарға гимназия ұжымының атынан алғысымыз шексіз. Дұрыс, ізгі ой – ниетпен туындаған барлық жақсылыққа бастаған қайырымды жандардың ісіне қуаныш әкелсін!

Әлеуметтік педагог: Максимова Г.Т.